

# 02

## ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

- 30 • Қордың кредиттік рейтингтері
- 32 • Сегменттер бойынша түсім







**SAMRUK**  
KAZZYNA



# ҚОРДЫҢ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

Халықаралық рейтингтік агенттіктерден кредиттік рейтингтер алу Қордың несиелік қабілеттілігін тәуелсіз және сенімді бағалау. Рейтингтік агенттіктерге кредит қабілеттілігін мұқият және сенімді бағалау үшін Қордың барлық қажетті ақпаратына қолжетімділік беріледі.

S&P Global Ratings және Fitch Қордың индустрияландыруға және қаржылық тұрақтылығы




қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан экономикасындағы маңызды рөлін атап өтеді.

2022 жылғы 8 қыркүйекте S&P Global Ratings рейтингтік агенттігі Қордың рейтингі бойынша «теріс» деген болжамды қайта қарады және Қордың «BBB-/A-3» деңгейіндегі ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді рейтингтерін, сондай-ақ «KZAAA» ұлттық қазақстандық

шәкілі бойынша рейтингін растады.

2022 жылғы 28 қарашада Fitch Самұрық-Қазына ҰӘҚ-ның рейтингін «BBB» деңгейінде растады, болжам «тұрақты».

16 желтоқсанда Moody's «Самұрық-Қазына» қорының рейтингін Baa2 деңгейінде растады, болжам – «тұрақты».



Осы бөлімде қаржылық көрсеткіштер алдыңғы екі жылмен салыстырғанда 2022 жылғы

31 желтоқсанда аяқталған 12 айдағы деректерге негізделген. Төмендегі кестеде Қор тобының

шоғырландырылған нәтижелеріне қатысты қаржылық ақпарат көрсетілген.

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Шоғырландырылған түсім, млрд теңге (мемлекеттік субсидияларды есептемегенде)	8 556	11 710	<b>14 785</b>
Активтер, млрд теңге	27 483	30 310	<b>33 575</b>
Меншікті капиталы, млрд теңге	15 152	17 173	<b>19 744</b>
Акционердің үлесіне шоғырландырылған таза пайда, млрд теңге	558	1 629	<b>1 922</b>
EBITDA (операциялық)*, млрд теңге	1 870	2 856	<b>3 241</b>
EBITDA Margin (%)	21,9	24,4	<b>21,9</b>

\* Үлестік кірісті есепке алмағанда.


2022 жылдың қорытындысы бойынша шоғырландырылған түсім сомасы 14,8 трлн теңге, бұл 2021 жылғы көрсеткіштен 3,1 трлн теңге немесе 26%-ға жоғары. 2021 жылмен, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда мынадай сегменттер бойынша өсім байқалады: шикі мұнайды сату (+882 млрд теңге), мұнай өнімдерін сату (+1 225 млрд теңге), жүк темір жол тасымалы (+96 млрд теңге), уран өнімін сату (+297 млрд теңге), авиатасымалдау (+160 млрд теңге), электр кешені (+24 млрд теңге),

тазартылған алтынды сату (+224 млрд теңге), телекоммуникациялық қызметтер (+40 млрд теңге), өңделмеген мұнайды қайта өңдеу (+1 млрд теңге) және жолаушылар темір жол тасымалы (+32 млрд теңге).

Қор тобының шоғырландырылған активтері 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 33,6 трлн теңгені құрады, бұл 3,3 трлн теңге немесе 2021 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 11%-ға артық. EBITDA (операция-

лық) және EBITDA margin 2022 жылдың қорытындысы бойынша тиісінше 3 241 млрд теңгені және 21,9%-ды құрады, ал 2021 жылдың қорытындысы бойынша ұқсас көрсеткіштер 2 856 млрд теңгені және 24,4%-ды құрады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қор тобы Қазақстан Республикасының бюджетіне барлығы 1696 млрд теңге сомасына салықтар мен төлемдер төледі. Жалпы және әкімшілік шығыстар 482,5 млрд теңгені құрады.

### Қордың борышы және EBITDA, млрд теңге (шоғырландырылған)



2022 жылдың соңындағы жағдай бойынша Борыш/EBITDA көрсеткіші негізінен валюталық қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуге,

қарыздарды қайта қаржыландыруға және шетел валютасына бағамды нығайтуға байланысты EBITDA өсуі мен борышты

төмендеуі есебінен 2021 жылмен салыстырғанда 1,73 деңгейіне дейін төмендеді.



## Сегменттер бойынша түсім, млрд теңге

Көрсеткіш	2020	2021	2022
Шикі мұнайды сату	1 970	3 704	<b>4 586</b>
Мұнай өнімдерін сату	1 306	2 027	<b>3 252</b>
Теміржол жүк тасымалы	1 076	1 191	<b>1 287</b>
Газды өңдеу өнімдерін сату	810	763	<b>895</b>
Уран өнімдерін сату	563	667	<b>964</b>
Мұнай мен газды тасымалдау	290	323	<b>296</b>
Әуе тасымалы	163	332	<b>492</b>
Электр кешені	263	345	<b>369</b>
Тазартылған алтынды сату	638	719	<b>943</b>
Телекоммуникациялық қызметтер	520	580	<b>620</b>
Өңделмеген мұнайды қайта өңдеу	192	203	<b>204</b>
Электр энергиясын тасымалдау	287	314	<b>184</b>
Жолаушылар теміржол тасымалы	39	59	<b>91</b>
Пайыздық кіріс	40	47	<b>48</b>
Пошта қызметтері	42	43	<b>46</b>
Басқа да кіріс	357	393	<b>508</b>
	<b>8 556</b>	<b>11 710</b>	<b>14 785</b>

Жалпы 2022 жылдың нәтижелері бойынша сегменттер бойынша кірістің өсуі байқалады. Бұл сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен болды. Осылайша ішінара жұмылдыру нәтижесінде Ресей азаматтарының Қазақстанға және Қазақстан арқылы өткен жылдың қыркүйек-қазан айлары аралығында ағынының күтпеген өсуі байқалды, бұл өз кезегінде жолаушылардан 12 млн АҚШ долл. қосымша кіріс түріндегі авиатасымалдау түсіміне оң әсер етті. Мұнай секторында Солтүстік-Каспий жобасында шикі газды кері айдау компрессорларын жаңғыртудың аяқталуы тәуліктік мұнай өндірудің рекордтық деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Бензин, дизель

отыны, авиаотын, битум және мұнай өңдеу бойынша тағы бір рекордтық көрсеткіштер МӨЗ (Атырау мұнай өңдеу зауыты, Павлодар мұнай-химия зауыты, ПетроҚазақстан Ойл Продактс және Каспи Битум) нәтижелерінде көрініс тапты. Қытай-Еуропа-Қытай теміржолдары бойынша логистиканың өзгеруіне әкелген геосаяси жағдайға қарамастан, компания Беларусь пен Ресей арқылы жүк ағынының балама бағыттарын қалыптастыру арқылы аз өсіммен кіріс көлемін сақтай алды. Алтынға деген инвестициялық сұраныс асыл металл өндірісінің көлеміне де әсер етті. Уран өнімін сату бойынша түсімнің өсуі негізінен 2022 жылы  $U_3O_8$  спот бағасының өсуіне және

2022 жылы іске асыру көлемі 2021 жылмен салыстырылған АҚШ долларына қатысты теңгенің әлсіреуіне байланысты сатудың орташа бағасының ұлғаюы есебінен болды. Телекоммуникациялық қызметтер бойынша кірістер магистральдық деректерді ұсыну желілерін кеңейту есебінен ұлғайды. Пошта қызметтеріне келетін болсақ, негізгі қызметтер, оның ішінде онлайн төлем қызметтерін дамыту (коммуналдық қызметтерді төлеу, ұялы байланыс ақысы, тапсырыс хаттар, гибриді пошта және EMS) бойынша өсім сақталды.

Толығырақ ақпарат Қордың 2022 жылғы қаржылық есептілігінде берілген (1-қосымша).

